



«Ертіс аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ КӘСІБИ ЭТИКА КОДЕКСІ

Медициналық қызметкердің кәсіби этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) – халыққа білікті, қолжетімді және уақтылы медициналық-профилактикалық көмек көрсету кезінде медициналық қызметкердің мінез-құлқының этикалық нормалары мен қағидаттарының жиынтығын айқындайтын құжат.

Осы Кодекс жеке тұлғаның құқықтарын, қадір-қасиетін, денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ медициналық қызметкердің қоғам алдындағы өз қызметі үшін жоғары моральдық жауапкершілігін айқындайды.

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

Осы Кодексте медициналық қызметкер деп жоғары және (немесе) орта арнаулы медициналық білімі бар, мемлекеттік, муниципалдық және жеке денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелерінде медициналық-профилактикалық көмек көрсетуге қатысатын мамандар түсініледі.

2-бап

Медициналық қызметкердің кәсіби қызметінің мақсаты – адам өмірін сақтау, оның денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу, медициналық-профилактикалық көмектің барлық түрлерінің сапасын жақсарту, сондай-ақ жазылмайтын аурулар кезінде азап шегуді жеңілдету.

Медициналық қызметкер жынысына, жасына, нәсіліне және ұлтына, тұрғылықты жеріне, әлеуметтік мәртебесіне, діни және саяси көзқарастарына, сондай-ақ өзге де медициналық емес факторларға қарамастан кез келген адамға медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Медициналық қызметкер көрсетілетін көмектің сапасы ең жоғары деңгейде болуы үшін бар күш-жігерін салуы тиіс.

Медициналық қызметкер өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін, дағдыларын мен ой-өрісін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Медициналық қызметкер қолда бар ресурстар шегінде сапалы және қауіпсіз медициналық-профилактикалық көмек көрсету үшін, соның ішінде моральдық тұрғыдан жауапты болады.

Медициналық қызметкердің моральдық міндеті – өзінің де, әріптестерінің де қателіктерін әділ талдау, медицина қауымдастығының тазалығын сақтау, адал емес және біліксіз әріптестердің, сондай-ақ пациенттердің денсаулығына зиян келтіретін әртүрлі кәсіби емес тұлғалардың әрекеттеріне жол бермеу.

-бап

Медициналық қызметкер өз қызметінде ар-ождан даусын басшылыққа алады, гуманизм мен мейірімділік қағидаттарын, этика жөніндегі халықаралық құжаттарды, ҚР Конституциясының 29-бабын, ҚР азаматтардың денсаулығын қорғау туралы заңнамасының негіздерін, Гиппократ антын, дәрігер антын басшылыққа алады.

Медициналық қызметкер өзінің біліктілігі мен құзыреттілігіне сәйкес барлық күш-жігерін халық денсаулығын қорғауға, оның ішінде денсаулық сақтау мәселелері бойынша ағартушылық қызмет жүргізуге бағыттауы тиіс.

4-бап

Медициналық қызметкердің білімін және қызметтік жағдайын теріс пайдалануы оның кәсіби қызметімен сыйыспайды.

Медициналық қызметкердің:

- өз білімі мен мүмкіндіктерін адамгершілікке жат мақсаттарда пайдалануға;
- жеткілікті негізсіз медициналық шараларды қолдануға немесе олардан бас тартуға;
- пациентке медициналық ықпал ету әдістерін оны жазалау мақсатында немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін қолдануға;
- пациентке өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарын тануға;
- пациентке қасақана немесе немқұрайлылықпен физикалық, моральдық немесе материалдық зиян келтіруге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осындай зиян келтіретін әрекеттеріне бейжай қарауға құқығы жоқ.

Медициналық қызметкердің жеке көзқарастары мен өзге де кәсіби емес себептері диагностика мен емдеуге әсер етпеуі тиіс.

Медициналық қызметкер өзінің қызметтік жағдайын немесе пациенттің психикалық дәрменсіздігін пайдаланып, онымен мүлтік мәмілелер жасауға, оның еңбегін жеке мақсатта пайдалануға, сондай-ақ бопсалау және паракорлықпен айналысуға құқылы емес.

5-бап

Медициналық қызметкердің борышы – өзінің кәсіби тәуелсіздігін сақтау.

Медициналық көмек көрсете отырып, медициналық қызметкер кәсіби шешім үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады, сондықтан әкімшілік, пациенттер немесе өзге тұлғалар тарапынан болатын кез келген қысым әрекеттерін қабылдамауға міндетті.

Медициналық қызметкер заңнамаға, этикалық қағидаттарға және кәсіби борышқа қайшы әрекеттерді талап ететін кез келген жеке немесе заңды тұлғамен ынтымақтастықтан бас тартуы тиіс.

Консилиумдарға, комиссияларға, консультацияларға, сараптамаларға және т.б. қатыса отырып, медициналық қызметкер өз ұстанымын ашық әрі анық білдіруге, өз көзқарасын қорғауға, ал қысым жасалған жағдайда қоғамдық және заңдық қорғауға жүгінуге міндетті.

II БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР МЕН ПАЦИЕНТ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

6-бап

Медициналық қызметкер пациенттің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі, оған және оның жақындарына мұқият әрі сабырлы қарауы тиіс.

Пациентке дерекі және адамгершілікке жатпайтын қатынас, оның адамдық қадір-қасиетін қорлау, сондай-ақ пациенттердің біріне артықшылық беру немесе жекекөрушілік танытуға жол берілмейді.

Медициналық қызметкер пациенттің еркіндігі мен қадір-қасиетін мүмкіндігінше аз шектейтін жағдайда медициналық көмек көрсетуі тиіс.

Жедел медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда (жазатайым оқиғалар, жарақаттар, уланулар және өмірге қауіп төндіретін өзге де жағдайлар мен аурулар кезінде) жедел медициналық көмекке мұқтаж барлық адамдар төлем қабілеттілігіне және медициналық сақтандыру полисінің болуына қарамастан қабылданып, қаралады.

7-бап

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда медициналық қызметкер пациенттің мүддесіне басымдық беруі тиіс, егер бұл пациенттің өзіне немесе айналасындағыларға тікелей зиян келтірмесе.

8-бап

Пациент медициналық қызметкер өзіне сеніп тапсырылған барлық медициналық және жеке ақпараттың құпиялығын сақтайды деп үміттенуге құқылы.

Медициналық қызметкер пациенттің немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз тексеру және емдеу барысында алынған мәліметтерді, оның ішінде медициналық көмекке жүгіну фактісін жария етуге құқылы емес.

Пациент туралы медициналық ақпарат мына жағдайларда жария етілуі мүмкін:

- пациенттің нақты жазбаша келісімі бойынша;
- өз жағдайына байланысты еркін білдіре алмайтын азаматты тексеру және емдеу мақсатында;
- жұқпалы аурулардың, жаппай уланулардың және зақымданулардың таралу қаупі болғанда;
- анықтау, тергеу органдарының және соттың сұрауы бойынша;
- 15 жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға (есірткіге тәуелді науқастар үшін – 16 жасқа дейін) көмек көрсету кезінде олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін хабардар ету үшін;
- азаматтың денсаулығына зиян құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп пайымдауға негіз болғанда;
- әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу мақсатында.

Медициналық қызметкер медициналық құпияның жария болуына жол бермейтін шараларды қабылдауы тиіс.

Пациентті ғылыми зерттеулерде, студенттерді оқытуда және дәрігерлердің біліктілігін арттыруда көрсету тек оның келісімімен ғана мүмкін болады.

Пациенттің қайтыс болуы медициналық құпияны сақтау міндетінен босатпайды.

9-бап

Медициналық қызметкер эвтаназияға жүгінбеуі және оған басқа тұлғаларды тартпауы тиіс, бірақ терминалдық жағдайда жатқан науқастардың азабын барлық қолжетімді, белгілі және рұқсат етілген тәсілдермен жеңілдетуге міндетті.

Медициналық қызметкер пациенттің кез келген діни конфессия өкілінің рухани қолдауын пайдалану құқығын жүзеге асыруына жәрдемдесуі және азаматтардың патологоанатомиялық ашуға қатысты құқықтарын құрметтеуі тиіс.

10-бап

Медициналық қызметкер әрі қарай емделуді басқа маманға сеніп тапсыруға шешім қабылдаған пациентке кедергі келтіруге құқылы емес.

Егер медициналық қызметкер өзін жеткілікті құзыретті емес деп санаса, қажетті техникалық мүмкіндіктері болмаса, көрсетілетін көмек түрі оның адамгершілік қағидаттарына қайшы келсе немесе пациентпен не оның туыстарымен емдеу және тексеру мәселелерінде келіспеушілік туындаса, ол пациентті басқа маманға жіберуі мүмкін.

Пациент басқа мекемеге тек оның өміріне қауіп төнбеген жағдайда және басқа мекеме қабылдауға дайын болған кезде ғана ауыстырылуы мүмкін.

11-бап

Медициналық қызметкер заңда белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген профилактика, диагностика, емдеу әдістерін, медициналық технологияларды, дәрілік заттарды, иммунобиологиялық препараттарды және дезинфекциялық құралдарды пайдаланады.

Қолдануға рұқсат етілмеген, бірақ белгіленген тәртіппен қаралып жатқан диагностика және емдеу әдістері мен дәрілік заттар пациенттің (немесе заңды өкілінің) ерікті жазбаша келісімінен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

Адамды зерттеу нысаны ретінде тарта отырып жүргізілетін кез келген биомедициналық зерттеу азаматтың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі және оған зерттеудің мақсаты, әдістері, жанама әсерлері, ықтимал тәуекелі, ұзақтығы мен күтілетін нәтижелері туралы ақпарат берілуі тиіс.

Зерттеуді жүргізетін дәрігер пациенттің зерттеу бағдарламасына кез келген кезеңде және кез келген себеппен қатысудан бас тарту құқығына кепілдік беруі тиіс. Мұндай бас тарту пациентке деген қарым-қатынасқа және оған кейіннен медициналық көмек көрсетуге теріс әсер етпеуі тиіс.

12-бап

Дәрігер дәрілік препараттарды өндіруші және таратушы фирмалардан олардың өнімдерін тағайындағаны үшін сыйақы алмауы тиіс.

Пациенттерден және пациенттерге сыйлық беру өте құпталмайды, өйткені бұл сыйлық бермейтін немесе алмайтын пациенттерге аз көңіл бөлінеді деген әсер қалдыруы мүмкін.

Сыйлықтар қызмет көрсету үшін айырбас ретінде берілмеуі немесе қабылданбауы тиіс.

Қолма-қол ақша немесе бағалы сыйлықтар алуға тыйым салынады.

Медициналық қызметкерлерге еңбек немесе қызметтік міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтар алуға жол берілмейді, тек құны үш мың теңгеден аспайтын кәдімгі сыйлықтарды қоспағанда.

III БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

13-бап

Медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас өзара құрметке, сенімге негізделуі, мінсіздігімен және пациент мүддесін сақтаумен ерекшеленуі тиіс.

Әріптестерімен қарым-қатынаста медициналық қызметкер адал, әділ, мейірімді, әдепті болуы, олардың білімі мен тәжірибесін құрметтеуі, сондай-ақ өз тәжірибесі мен білімін риясыз бөлісуге дайын болуы тиіс.

Әріптеске қатысты сын дәлелді және қорламайтын болуы керек. Сын әріптестің жеке басына емес, кәсіби әрекеттеріне бағытталуы тиіс.

Өз беделін әріптестерді кемсіту арқылы нығайту әрекеттеріне жол берілмейді.

Медициналық қызметкер пациенттер мен олардың туыстарының қатысуымен әріптестері мен олардың жұмысы туралы жағымсыз пікір айтуға құқылы емес.

IV БӨЛІМ. КОДЕКСТІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ШЕГІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

14-бап

Осы Кодекс аурухананың бүкіл аумағында қолданылады және барлық медициналық қызметкерлер үшін міндетті күшке ие.

Кодекс нормаларын бұзғаны үшін медициналық қызметкерлерге мынадай тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- толық кәсіби сәйкессіздік туралы ескерту.

15-бап

Кәсіби этиканы бұзғаны үшін жауапкершілік дәрежесін ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы медициналық этика комиссиясы және денсаулық сақтау ұйымдарындағы этика комиссиялары айқындайды.

Егер этикалық нормаларды бұзу бір мезгілде құқықтық нормаларды да қозғайтын болса, медициналық қызметкер ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.